

Кімге: Қазақстан Республикасының спорт және туризм министрлігіне

Кімнен: Абай облысы, Жарма ауданы, Шар қаласы әкімінің орынбасары Е.Саршановтан

Орындау күні: 11.10.2024

Тақырыбы: Қазақстан Республикасында туризмді дамыту жолдары

Аналитикалық жазба

Жұмыстың өзектілігі: Елімізде экологиялық туризмді дамыту – бұл рухани құндылықтарымызды, табиғи байлықтарымызды сақтау және ұтымды пайдалану.

Жазбаның басты мақсаты туристік индустрияның бәсекелестік қабілетін дамыту үшін жағдайларды қамтамсыз ету және оны экономиканың жоғарғы табысты секторына айналдыру. Бағдарлама Қазақстанның беделін тартымды туристік нысан ретінде қалыптастыруға, туризм индустриясын дамыту үшін қолайлы инвестициялық жағдай жасауға, ұлттық тур өнімдерді қалыптастыруға және оның сапасын әлемдік деңгейге сәйкес қамтамасыз етуге бағытталған.

Жазбаның гипотезасы: Өңірдің әлеуметтік – экономикалық жағдайы жақсарады, инфрақұралымы ретке келеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ең бастысы отандық және шөл ел туристері қазақтың дархан даласымен танысады.

Туризм бұл адамдар қажеттілігін қанағаттандыруға, тұрғындар өмірінің сапасын артыруға, қоршаған ортаны және мәдени мұраны қорғауға арналған осы заманғы экономиканың бірегей салаларының бірі. Туризм дамуы көлік, сауда, құрылыс, ауыл шаруашылығы, халық тұтынатын тауарларды өндіру сияқты экономика секторларына дем беріп, ықпал етеді және экономиканы құрылымдық қайты құрудың ең келешекті бағыттарының бірін құрайды.

Қазақстан өзінің алуан түрлі және кең аумағымен, әдет ғұрпымен қызықты мәдениеті мен бай табиғи және тарихи мұрасымен туристік объект ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда еліміздегі туризм деңгейінің дамуы орташа, яғни даму үстінде деп айтуға болады. Оның бірден – бір себептерінің бірі ретінде инфрақұрылымдың дамымауын айтуға болады. Инфрақұрылымды дамыту жұмыстарына үкімет те белсенді қатысуда, дегенмен біздің еліміздегі туризм нысандары мен объектілері батыстық стандарттарға сай келмеуде. Ал қаражаттың көп бөлігі сол елдерде екенін ұмытпағанымыз жөн болар. Сондықтан, болашақта жасалатын іс шаралардың барлығын тек сол бағытқа бағыттап жасаған абзал. [1]

Инфрақұрылымдық проблемалар, оның ішінде:

Жолдар: жиі кездесетін асфальтталған жабынның болмауы және/немесе оның сапасы жоғары емес, туристік табиғи орындарға дейінгі

қашықтық. Мәселе ШҚО мен Абай облысы үшін ерекше өзекті. Кейбір туристердің қолжетімділікті жақсарту адамдардың үлкен ағынына, аталған жерлердің құлдырауына және сарқылуына әкеледі деп санайтыны ерекше.

Отын: ұзаққа созылған туристік маршруттарда ЖҚС жетіспеушілігі.

Санитарлық-гигиеналық тораптар: дәретханалардың болмауы немесе танымал туристік орындарда дәретханаларға қызмет көрсетудің болмауы жергілікті туристер тарапынан жиі айтылады.

Қоқыс: Қоқыс жәшіктерінің, қоқыс контейнерлерінің болмауы, туристік орындарды үнемі жинау. Бұл проблема алдыңғы тармақпен ішінара байланысты.

Логистика: танымал туристік маршруттарда көрсеткіштердің, тақтайшалардың, демалыс орындарының және т.б. болмауы.

Қосымша – шет тілдерінде логистиканың болмауы дербес туризмге және маршруттардың қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етеді. Ойластырылған және жайластырылған туристік маршруттардың болмауы шетелдік туристердің нашар пікірлеріне алып келеді. Соңғы жылдары шетелдік туристерді тарту бойынша үлкен жұмыстар жүргізіліп жатқан ірі қалаларда проблема салыстырмалы түрде төмен көрінеді.

Мобильді байланыстың болмауы Көптеген танымал туристік орындарда мобильді байланыс мүлдем жоқ.

Ойын-сауық инфрақұрылымы: ойын-сауық тәсілдерінің, балаларды жұмыспен қамтудың болмауы немесе шектеулі таңдауы. Бұл проблема туристік бизнесті дамыту үшін маңызды кедергілердің бірі – қайтарымдылық. Бір рет келгеннен кейін туристер аталған жерге қайта оралуға ұмтылмайды.

Әуе қатынасы: бағыттардың шектеулі тізбесі, авиабилеттердің жоғары бағасы.

Орналастыру орындары: Қонақүйлердің мәлімделген тұру сыныбына сәйкес келмеуі, тұрғын үй қорының тозуы. Жөндеуді қажет ететін орындардың басым бөлігі – кеңестік кезеңде салынған санаторий-курорттық аймақтар, сондай-ақ орталық және солтүстік өңірлердің нысандары. Сауалнамаларда Медеу, Шымбұлақ, Түркістан тау-кен кешені оң мәнде атап өтілді. Бұл ретте Атырау мен Маңғыстау облыстары аталмаған – онда жөндеуді қажет ететін нысандар (ескі курорттық аймақтар мен демалыс базалары) бар. [2]

Бірақ Қазақстанда туризмнің дамуының болашағы жарқын. Себебі:

- еліміздің қолайлы геосаяси жағдайы. Батыс пен шығыс аралығындағы халықаралық туристік және коммерциялық ағымдардың өсуі;

- саяси тұрақтылық, демократиялық қайта құру, экономикалық реформаның қайта өтуі және инвестициялық ахуалдың тұрақтылығы мен ашықтығы;

- еліміздің тарихи мәдениет мұрасының ерекшелігі;

- мұсылман, христиан, будда ескерткіштерінің болуы;

- бос еңбек ресурстарының болуы. [2]

Қазақстанның туристік әлеуеті

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқандықтан Қазақстан аумағындағы қалалар мен табиғатты ғажайып көрікті жерлер ежелден саяхат және туризм нысандары болып табылған. Қазақстандағы алғашқы туристік ұйымдар XX ғасырдың 20 – 30 жылдары пайда болды. Қазақстанда туризмнің барлық түрлері (танымдық, ойын – сауық, этника, экология, денсаулық сауықтыру, балалар, спорттық аң аулау, балық аулау, атпен серуендеу), т.б бойынша жүргізіледі. Оларға Қазақстанда жиынтық сыйымдылығы 33 мың орынды 400 ге жуық әр түрлі категориялы қонақ үйлер қызмет көрсетеді.

Қазақстандағы туристік ресурстарға туристік қызмет көрсету нысанарын қамтитын табиғи – климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру нысандары, сондай-ақ, туристердің рухани қажеттерін қанағатандыра алатын, олардың күш -жігерін қалпына келтіріп сергітуге жәрдемдесетін өзге нысандар жатады.[3]

Қойылған мақсаттарға сәйкес бірінші кезектегі міндеттер мыналар:

1. Қазақстандық және шетелдік азаматтарға туристік қызмет көрсетуде халықтың қажеттілігін өтеуге кең мүмкіндіктер ашатын туристік кешен құру;
2. Ел экономикасын дамытуға, оның ішінде бюджетке салық түсімдерінің шет ел валютасының келуінің есебінен үлес қосу;
3. Жұмыс орындарын сақтау және көбейту;
4. Табиғи рекреациялық, мәдени тарихи әлеуетін сақтау және ұтымды пайдалану;
5. Туристік инфрақұрылымды;
6. Ішкі және сыртқы туризмнің басымдықтарын дамытуға жағдай жасау;
7. Туризм және қызмет көрсету салаларында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды, халықтың жұмыспен қамтылуын ынталандыруды қамтамасыз ету;
8. Сала субъектілерін инвестициялау және қаржыландырудың, несиенің басқа да нысандары үшін жағдайлар жасау;
9. Туризм саласын ақпараттық қамтамысз етуді жетілдіру, қызметке белсенді жарнама жүргізу.

Маркетинг стратегиясын іске асыру мақсатында мемлекет мынандай міндеттерді белгілеп отыр:

- Сапалы туристік қызмет көрсетуді ұсынатын туристік орталық ретінде Қазақстан туралы туристер жіберілетін негізгі елдерде жағымды пікір қалыптастыру;
- Қазақстанды ерекшелейтін сипаттамаларға және артықшылықтарға негізделген маркетингтік іс шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- Қосымша мүмкіндіктер бере отырып, төлем қабілеті жоғары деңгейдегі туристерді тарту;
- Жеке сектордың маркетингтік жұмысына қолдау көрсету;

- Нарықтың жаңа сегменттерін айқындауға бағытталған зерттеулер жүргізу; [4].

Проблемаларды шешу жолдары

Инфрақұрылымды дамыту бизнестің капиталды қажетсінуін арттыра алады, нарыққа ішкі нарықтан да, сыртқы нарықтан да анағұрлым көп қатысушылар тарта алады, өйткені дамыған инфрақұрылым сектордың инвестициялық тартымдылығын арттырады. Инфрақұрылым және аумақты кешенді дамыту болмаған жағдайда туристерді көптеп тарту және жобаны ақтау қиын.

Туризм саласындағы компаниялар санының ұлғаюы басқа да байланысты проблемаларды шешу үшін катализатор бола алады.

Біріншіден, нарықтағы бәсекелестікті дамытудың бір жолы – шағын және орта компаниялар сервисті жақсартуға қызығушылық танытады, бұл халықтың наразылығын азайтады және оң пікірлер санын арттырады. Осылайша, тұйық және дамымайтын туристік кешендер жүйесін бұзып, бизнесті жұмыс істеуге және жақсартуға мәжбүрлеуге болады.

Екіншіден, туризм саласында тұтынушылық несиелеуді дамытуға әкеледі. Сұраныстың көп болуы есебінен бастапқыда бөліп-бөліп төлеу бағдарламалары арқылы қызмет көрсететін туристік фирмалар үшін тиімсіз жағдайлар жұмсартылуы тиіс. Туризм саласындағы тұтынушылық несиелендірудің ағымдағы проблемасы оның жаңалығынан туындайды және біз оның болашақта дамуын күтеміз. [4]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Туризмнің белсенді түрлерінің әдіс – тәсілдерінің негіздері» пәні бойынша «Туризм мамандығына арналған оқу құралы / С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Экономика және қаржы факультеті, «Менеджмент және маркетинг кафедрасы – Өскемен, 2007;

2. «Саяхат жорықтарын ұйымдастыру мен өткізудің жалпы негіздері»/ Оқу құралы-Алматы, 1996;

3. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>;

4. <https://kz.kursiv.media/kk/2023-11-22>